

Жекешелендіру объектілерінің құнын бағалау жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 6 мамыр N 562. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жекешелендіру объектілерін бағалау жөніндегі Е р е ж е б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті сатуға қойылған жекешелендіру объектілерінің бүкіл жер учаскесіне немесе белгілі бір бөлігіне меншік немесе жерді тұрақты пайдалану құқының құнын бағалауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті осы қаулыға қайшы келетін жекешелендіру объектілерінің құнын бағалау жөніндегі нормативтік актілер мен нұсқауларды қайта қарауды және қолданылуын тоқтатуды қамтамасыз етсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
1 9 9 6 ж ы л ғ ы 6 м а м ы р д а ғ ы
N 5 6 2 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Жекешелендіру объектілерінің құнын бағалау жөніндегі

Ереже 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721_ Заң күші

бар Жарлықтарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже жекешелендіру объектісі болып табылатын мемлекеттік мүліктің мынадай түрлерін бағалаудың тәртібін реттейді:

мүліктік кешен ретіндегі мемлекеттік кәсіпорын мен мекеме (бұдан әрі - кәсіпорын). Мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорынның құрамына әлеуметтік-мәдени және коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы объектілер енгізілуі мүмкін;

мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорынның жекешелендірілуі тұйық технологиялық циклді бұзбайтын өндірістік және өндірістік емес бөлімшелері мен құрылымдық бірліктері;

кәсіпорынның мүлкі;

шаруашылық серіктестіктерінің жарғы қорындағы акциялардың мемлекеттік пакеті үлестері.

3. Кейін сатып алу құқығымен жалға немесе сенімді басқаруға берілген жекешелендіру объектісін бағалау осы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

4. Жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы осы Ережеге сәйкес айқындалады және оны Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті (бұдан әрі - Сатушы) бекітеді.

Жекешелендіру объектісін екінші және одан кейінгі саудаласуға шығару кезінде оның бастапқы құны Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті өз құзыреті шегінде қабылдаған саудаластықта жекешелендіру объектілерін сатуды реттейтін нормативтік актілерге сәйкес айқындалады. < * >

ЕСКЕРТУ. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.07.22. N 920 қаулысымен. Р 9 6 0 9 2 0 _

5. Жекешелендіру объектісін сату бағасы саудаласулардың (аукцион, тендер) өтімсіз жекешелендіру объектілерін сату саудаластық кезінде сатып алушылар ұсынған баға бойынша жүзеге асырылу барысында белгіленеді. Тікелей атаулы сату кезінде кәсіпорынның бағасы тараптардың келісуі бойынша, бірақ бастапқы бағасынан кем емес бағада айқындалады. < * >

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ сөздермен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.12.21. N 1642

6. Сатушы консалтингтік ұйымдар немесе тәуелсіз аудиттің қорытындысының негізінде жекешелендіру объектісінің құнын бағалауды жүзеге асыруға х а қ ы л ы . < * >

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ сөздермен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.07.22. N 920 қаулысымен. Р 9 6 0 9 2 0 _

7. "Қазақстан Республикасындағы негізгі қорларды (құралдарды) индекстеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 21 қазандағы N 1178 қаулысына сәйкес жекешелендіру объектілерін құнын бағалау кезінде Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті (қайта бағалау датасын сатылар алдында соңғы жай-күйі бойынша) коэффициенттердің өсіруін ескеріп негізгі қорлардың (құралдардың) құнын индекстеу жүргізіледі.

II. Мүліктік кешендер мен мүлікті бағалау

1. Бағаланатын мемлекеттік мүліктің құрамы

8. Бағаланатын мемлекеттік мүліктің құрамына негізгі қорлар мен айналымнан тыс басқа да активтер, запастар мен шығындар, ақша қаражаттары, есеп айырысулар мен басқа да активтер кіреді.

Негізгі қорлар мен айналымнан тыс басқа да активтер:

а) негізгі құралдар - үйлер, ғимараттар, бірлікті қойылымдар, машиналар мен жабдық, есептеу техникасы, өлшеусіз және реттегіш приборлар мен қондырғылар, көлік құралдары, аспап, өндірістік және шаруашылық мүкәммал, жұмыс және өнім беретін мал, көпжылғы көшеттер мен басқа да еңбек құралдары ;

б) аяқталмаған құрылыс пен қондырғы жабдықтарын қоса алғанда, аяқталмаған күрделі қаржылар мен аванстар;

в) баланста көрсетілген материалдық емес активтер - жерді, суды, табиғат ресурстарын, үйлерді, ғимараттарды пайдалану құқықтары, патенттер,

лицензиялар және басқа да мүліктік (интеллектуалдык меншікке арналған құқықты қоса) құқықтар, ұйымдық шығыстар, сауда маркалары, товар белгілері және басқалар;

г) кәсіпорындардың басқа кәсіпорындардың кіріс активтеріне (акциялар, облигациялар және басқа да бағалы қағаздар ішкі мемлекеттік және жергілікті займдардың проценттік облигацияларына салымдарын қоса алғанда, ұзақ мерзімді), бір жылдан аса мерзімге арналған қаржылық салымдары, сондай-ақ кәсіпорындарға берген займдары;

д) баланс активінің I бөлімі бойынша басқа да баптар.

Запастар мен шығындар: өндірістік запастар (шикізат, материалдар, отын, бағасы төмен және тез тозатын заттар, қосалқы бөлшектер, сатылатын жартылай өнімдер мен жинақтаушы бұйымдар, ыдыстар және басқалар) бітпеген өнімдер, алдағы болашақ кезеңдердің шығындары, дайын өнім, сатып алу бағасы бойынша тауарлар және басқадай запастар мен шығындар.

Ақша қаражаты, есептеулер және басқа активтер: баланс активінде көрсетілген кассадағы, банктердің шотындағы ақша қаражаттары және басқадай ақша қаражаттары қысқа мерзімдік қызмет (бір жылдан аспайтын мерзімге арналған) қаржы салымдары, тиелген тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің құны, дебиторлық қарыздар және басқа да осы секілді қаражаттар.

2. Меншік құқығының немесе жер учаскесіндегі жерді тұрақты пайдаланудың құны

9. Жылжымайтын мүліктерді жекешелендіру кезінде сатып алушыға жер заңына сәйкес бөлінетін жер учаскесінің жекешелендірілетін объектінің үйлері мен ғимараттары орналасқан және оларды пайдалану үшін қажет бөлігіне меншіктік құқығы не болмаса жерді пайдалану құқығы ауысады. Барлық жер учаскесіне немесе оның белгілі бір бөлігіне меншіктік немесе жерді тұрақты пайдалану құқығының құны жекешелендіру объектісінің бағасына кіреді.

10. Барлық жер учаскесіне немесе оның белгілі бір бөлігіне меншік немесе жерді тұрақты пайдалану құқығының бағалық құнын Қазақстан Республикасының үкіметі бекіткен жер учаскесін беру үшін ақы ставкаларының мөлшеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің (бұдан әрі - Мемжерком)

3. Жекешелендіру объектісі ретінде кәсіпорынның бағасын айқындау

11. Кәсіпорынның мүліктік кешен ретінде бастапқы бағасы кәсіпорын балансы деректерінің негізінде айқындалады. Салық органы растаған кәсіпорынның балансы мемлекеттік мүлікке иелік етуге өкілетті мемлекеттік орган жекешелендіру туралы шешім қабылдаған күнге ұсынылады.

Кәсіпорынның бастапқы бағасы (КББ) КББ-КА - КМ формуласы бойынша анықталады, мұндағы КА - кәсіпорын активтерінің жалпы құны (кәсіпорын балансы активінің 360 жолы); <*>
КМ - кәсіпорынның міндеттемесі.

Кәсіпорынның міндеттемелеріне заемдік қаражаттар мен кредиттер; кредит берушілермен есеп айырысу мен сатып алушылардан және тапсырыс берушілерден алынған аванс кіреді.

Кәсіпорынның міндеттемесі "Есепайырысу және басқа пассивтер" балансы пассивінің II бөлімі мәліметтерінің негізінде, баланстың 500-620, 635-720 жолдары бойынша мәліметтерді жинақтау жолымен айқындалады:

"Банктердің ұзақ мерзімдік кредиттері" бабы (92 шот), "Ұзақ мерзімдік займдар" бабы (95 шот), "Банктердің қысқа мерзімдік кредиттері" бабы (90 шот), "Банктердің қызметкерлерге арналған кредиттері" бабы (93 шот), "Қысқа мерзімдік займдар" бабы (94 шот), "Кредит берушілермен тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулер үшін НҚҚ-ды алып тастағандағы есепайырысу" бабы, "Берілген вексельдер бойынша есепайырысу" бабы (60 шот), "Еңбекке ақы төлеу жөніндегі есепайырысу" бабы (70 шот), "Әлеуметтік қамсыздандыру және қамтамасыз ету бойынша есепайырысу" бабы (69 шот), "Кредит берушілермен мүлікті және жеке басты қамсыздандыру бойынша есепайырысу" бабы (65 шот), "Еншілес кәсіпорындармен есепайырысу" бабы (78 шот), "Кредит берушілермен бюджеттен тыс төлем бойынша есепайырысу" бабы (67 шот), "Бюджетпен есепайырысу" бабы (68 шот), "Басқа кредит берушілермен есепайырысу" бабы, "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден алынған аванстар" бабы (64 шот) 1995 жылғы баланстың нысанына сәйкес қолданылады.

Одан басқа, кәсіпорынның міндеттемелерінде жалға алынған үйлер, ғимараттар, жабдықтар және еңбек құралдарына жататын басқа объектілер бойынша міндеттемелер ескеріледі.

Міндеттемелері кәсіпорын активтерінің құнынан асқан жағдайда

кәсіпорынның бастапқы бағасы кәсіпорын активтерінің жалпы құнының кемінде 10 проценті мөлшерінде белгіленеді (кәсіпорын бірлігі балансының 360-жолы).<

*

>

ЕСКЕРТУ. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.07.22. N 920
қ а у л ы с ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.10.31. N
1 3 2 0 қ а у л ы с ы м е н . P 9 6 1 3 2 0 _

12. Кәсіпорынды жекешелендіру кезінде сатып алушыға қарыздарды талап ету құқығы, сондай-ақ кәсіпорынға заңды тұлға ретінде тиесілі ерекше құқық ауысады. Сатып алушының толықтай құқықтық мұрагерлігі кәсіпорынның мүліктік кешенін сатып алу-сату шартына қол қойған сәттен бастап пайда б о л а д ы .

13. Жекешелендіру объектісі ретінде кәсіпорынның бағасы сауда барысында белгіленген кәсіпорынды сату бағасынан және меншік немесе барлық жер учаскесіне немесе оның кәсіпорынның үйлері мен ғимараттары орналасқан белгілі бір бөлігіне арналған тұрақты жерді пайдалану құқығының бағаланатын қ ұ н ы н а н қ а л ы п т а с а д ы .

4. Жекешелендіру объектісі ретінде кәсіпорынның бөлімшелері мен құрылымдық бірліктерінің бағасын айқындау

14. Мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорынның өндірістік және өндірістік емес бөлімшелері мен құрылымдық бірліктері (бұдан әрі - кәсіпорынның бірлігі) жекешелендіру қарсаңында бөлінетін баланс негізінде бөлектенуі керек.

Кәсіпорын бірлігінің бастапқы бағасы кәсіпорынның бөлінетін балансы деректерінің негізінде айқындалады. Кәсіпорынның бөлінетін балансы кәсіпорын бірлігін жекешелендіру туралы шешім қабылданған күнге ұсынылады және мемлекеттік мүлікке иелік етуге өкілетті мемлекеттік орган тарапынан бекітіледі.

Кәсіпорын бірлігінің бастапқы бағасы (брББ):

брББ=брА - брЖ формуласы бойынша айқындалады, мұндағы брА - кәсіпорын бірлігі активтерінің (кәсіпорын бірліктері активтерінің 360 жолы) ж а л п ы қ ұ н ы ; < * >

брЖ - кәсіпорын бірлігінің міндеттемесі.

Кәсіпорын бірлігінің міндеттемелері "Есеп айырысулар және басқа пассивтер

" балансы пассивінің II бөлімі деректерінің негізінде айқындалады:

"Банктердің ұзақ мерзімдік кредиттері" бабы (92 шот), "Ұзақ мерзімдік займдар" бабы (90 шот), "Банктердің қызметкерлерге арналған кредиттері" бабы (93 шот), "Қысқа мерзімдік займдар" бабы (94 шот), "Кредит берушілермен тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулер үшін НКҚ-ды алып тастағандағы есепайырысу" бабы, "Берілген вексельдер бойынша есепайырысулар" бабы (60 шот), "Кредит берушілермен мүлікті және жеке басты қамсыздандыру бойынша есепайырысу" бабы (65 шот), "Еншілес кәсіпорындармен есепайырысу" бабы (78 шот), "Кредит берушілермен бюджеттен тыс төлем бойынша есепайырысу" бабы (67 шот), "Бюджетпен есепайырысу" бабы "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден алынған аванстар" бабы (64 шот) 1995 жылғы баланстың нысанына сәйкес қолданылады.

Егер міндеттеме кәсіпорынның құрылымдық бірлігі активтерінің жалпы құнынан асқан жағдайда бастапқы баға кәсіпорын бірлігі активтерінің жалпы құнының кемінде 10 проценті мөлшерінде белгіленеді (кәсіпорын бірлігі балансының 360-жолы). < * >

ЕСКЕРТУ. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.07.22. N 920 қаулысымен. P 960920 _

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.10.31. N 1320 қаулысымен. P 961320 _

15. Кәсіпорын бірлігін жекешелендіру кезінде бөлінетін баланс бойынша қарыздарды талап ету құқығы сатып алушыға ауысады. Сатып алушының толықтай құқықтық мұрагерлігі кәсіпорынның мүліктік кешенін сатып алу-сату шартына қол қойған сәттен бастап пайда болады.

16. Кәсіпорын бірлігінің жекешелендіру объектісі ретіндегі бағасы сауда барысында белгіленген кәсіпорын бірлігін сату бағасынан және меншік немесе барлық жер учаскесіне немесе оның кәсіпорын бірлігінің үйлері мен ғимараттары орналасқан белгілі бір бөлігіне арналған жерді тұрақты пайдалану құқығының бағаланатын құнынан қалыптасады.

5. Жекешелендіру объектісі ретінде кәсіпорын мүлкінің бағасын айқындау

17. Кәсіпорынның мүлкі тек мемлекеттік кәсіпорын жойылған жағдайда ғана жекешелендірудің жеке объектісі бола алады.

Мемлекеттік кәсіпорынды жою туралы шешімді мемлекеттік мүлікке иелік етуге өкілетті мемлекеттік орган шығарады. Мемлекеттік кәсіпорынды жою кезінде кредит берушілердің талабын қанағаттандыру Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлімі) белгілеген тәртіпте және мерзімдерде жүргізіледі.

18. Кәсіпорын мүлкінің (бұдан әрі - мүлік) бастапқы бағасы жойылған кәсіпорын мүлкінің бағаланатын құқына тең.

Кәсіпорын мүлкінің бағаланатын құны кәсіпорынның аралық жою балансы деректерінің негізінде айқындалады. Кәсіпорынның аралық жою балансын жою комиссиясы құрастырады және мемлекеттік мүлікке иелік етуге өкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

19. Кәсіпорын мүлкінің құрамына үйлерді, ғимараттарды, жабдықтарды, мүкәммалдарды, шикізаттарды, өнімді және кәсіпорынның басқа да активтерін қосқандағы негізгі құралдар (қорлар) кіреді.

Негізгі құралдардың құнын айқындау олардың баланстық қалпына келтіру құнының көлемін негізгі құралдарды амортизациялау нормасы мен оларды пайдалану мерзімдеріне сүйеніп бағалау кезіндегі бухгалтерлік есептің деректері бойынша есептелген тозу көлеміне азайту жолымен есептелген және негізгі қорлар құнының арту коэффициенттеріне түзетілген қалдық құны бойынша жүзеге асырылады.

Негізгі құралдың баланстық (қалпына келтіру) құны мүлікті мүкәммалдау нәтижелері ескеріліп, бухгалтерлік есептің деректері бойынша (01 "Негізгі қаражаттары" шотына мүкәммалдық карточкалар) айқындалады.

Бағасы төмен және тез тозатын заттардың бағаланатын құны олардың баланстық (қалпына келтіру) құнын есептелген тозу көлеміне кеміту жолымен айқындалады. Аяқталмаған құрылыс объектілері мен орнатылмаған жабдықтар оларды мүкәммалдағаннан кейін негізгі қорлар құнын арттыру коэффициенттері ескеріліп баланстық (қалпына келтіру) құн бойынша бағаланады.

Запастар мен шығындар баланстық құн бойынша бағалау күніндегі нақты қолда бар ақшаға орай бағаланады.

90 проценттен аса тозған негізгі құралдар негізгі қорларды ұлғайту коэффициентін ескере отырып, баланстық қалпына келтіру құнының 10 проценті мөлшерінде бағаланады. < * >

ЕСКЕРТУ. 19-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.10.31. N 1320 қаулысымен. P 961320 _

20. Негізгі қаражаттардың жеке түрлері мен тұрғын емес үй-жайлардың бастапқы бағасы мүліктің бастапқы бағасы ретінде айқындалады. Оларды сату бағасы сауда барысында белгіленеді. Тұрғын емес үй-жайдың бағасы сауда барысында белгіленген оны сату бағасынан және меншік немесе барлық жер учаскесіне немесе оның үй-жай орналасқан белгілі бір бөлігіне арналған жерді тұрақты пайдалану құқығының бағаланатын құнынан қалыптасады.

6. Жекешелендіру объектісі ретінде бюджеттік мекеменің бағасын анықтау<*>

ЕСКЕРТУ. Ереже жаңа 6-ішкі бөліммен толықтырылды, 6-ішкі бөлім 7-ішкі бөлім болып саналды, 21-30-тармақтар тиісінше 25-34-тармақтар болып саналды - ҚРҰ-нің 1998.03.10. N 192 қаулысымен. P980192_

21. Мүліктік кешен ретіндегі бюджеттік мекеменің бастапқы бағасы шығыстар сметасының атқарылу балансы деректерінің негізінде анықталады. Мекеменің балансы мемлекеттік мүлікке билік етуге уәкілетті мемлекеттік орган жекешелендіру туралы шешім қабылдаған күнге беріледі.

Мекеменің бастапқы бағасы (МекББ) мынадай формула бойынша анықталады :

$$\text{МекББ} = \text{МекА} - \text{МекШ} - \text{МекМ} - \text{Нқт} + \text{МекК}, \quad \text{мұнда}$$

МекА- мекеме активтерінің жалпы құны (шығыстар сметасының атқарылу балансының 440 жолы);

МекШ- мекеменің шығыстары (шығыстар сметасының атқарылу балансы Активінің "Шығыстар" деген 7-бөлімі жолдарының қосындысы);

МекМ- мекеменің міндеттемелері (шығыстар сметасының атқарылу балансы Пассивінің "есептер" деген 3-бөлімі жолдарының қосындысы);

Нқт- негізгі құралдардың тозуы (шығыстар сметасының атқарылу балансы Пассивінің "Қорлар және мақсаты арналымды құралдар" деген 2-бөлімі жолдарының қосындысы);

МекК- мекеменің арнайы құралдары бойынша кірістері (шығыстар сметасының атқарылу балансының 720 және 360 жолдарының оң айырмасы).

Жекешелендіру сәтіндегі жұмсалмай қалған бюджет қаражатының жұмсалыуына арналған лимиттің бос қалдығы тиісті бюджеттің кірісіне есептелуге т и і с .

22. Жер учаскесіне деген меншік немесе тұрақты жер пайдалану құқығының құнын бағалау осы Ереженің 2-ішкі бөліміне сәйкес жүргізіледі.

23. Жекешелендірілген мекеменің Сатып алушысының азаматтық құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мұрагерлігі сатып алу-сату шартына қол қойылған сәттен басталады.

Мекеме Сатып алушының меншігіне кредиторлық және дебиторлық берешегімен бірге сатылады.

24. Мекеменің жекешелендіру объектісі ретіндегі бағасы мекеменің саудаластық барысында белгіленген сату бағасынан және мекеменің үй-жайлары немесе ғимараттары алып жатқан бүкіл жер учаскесіне немесе оның белгілі бір бөлігіне деген меншік немесе тұрақты жер пайдалану құқығының бағалау құнынан құралады";

7. Жекешелендіру объектілерінің құнын бағалау нәтижелерін рәсімдеу

25. Жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын сатушы бекітеді.

Бүкіл жер учаскесіне немесе оның белгілі бір бөлігіне арналған меншік немесе жерді тұрақты пайдалану құқығының бағаланатын құны Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеті - комиссиясының жасаған бағалау актісінің негізінде жекешелендіру объектісінің құнына кіреді.

26. Жекешелендіру объектісі мүлкінің құны бағалау бекітілген күннен бастап немесе және сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап жекешелендіру объектісінің негізгі құралдары сатылмайды немесе өзгедей түрде басқа жеке немесе заңды тұлғаларға берілмейді.

27. Жекешелендіру объектісінің әкімшілігі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осы Ереже талаптарының орындалуы үшін жауапкершілікте болады.

III. Саудаластықта сату кезінде шаруашылық серіктестіктері акциялардың мемлекеттік пакеттерін және жарғылық қордағы үлестерін бағалау<*>

ЕСКЕРТУ. III-бөлімнің атауынан және 1-2-бөлімшелерінің атауларынан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.07.22. N 920 қаулысымен. P960920_

ЕСКЕРТУ. III-бөлімнің атауы жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.10.31. N 1320 қаулысына сәйкес. P961320_

28. Осы Ереже саудаласуда сату кезінде акциялардың мемлекеттік пакеттерінің бастапқы бағасын айқындау тәртібін белгілейді.

29. Акциялардың мемлекеттік пакетінің бастапқы бағасы акциялардың мемлекеттік пакетін саудаласуға шығару туралы шешім қабылдаудың алдындағы сомға есептік датасындағы бухгалтерлік деректердің негізінде айқындалады.

1. Акциялар пакетінің құнын айқындау<*>

30. Акционерлік қоғамның акцияларының жалпы құны мына формуламен анықталады :

$$A E \text{ Қ} = A - E \text{ П} - \text{Ә Қ}$$

м ұ н д а :

A E Қ - акциялардың есеп айырысу құны,
A - акционерлік қоғамның активтері,
E П - есепайырысу және өзге де пассивтер,
Ә Қ - әлеуметтік сала объектілерінің құны.

Б ұ л ж а ғ д а й д а :

A - акционерлік қоғам активтерінің жалпы құны - валют балансының негізінде (актив балансы активінің 360 жолы немесе баланс пассивінің 800 жолы) айқындалады. E П - есепайырысу және өзге де пассивтер - 500-620, 635-760 жолдарындағы қосу "Есепайырысу және басқа пассивтер" балансы пассивтерінің II бөлімінің негізінде айқындалады.<*>

"Банктердің ұзақ мерзімдік кредиттері" бабы (92 шот), "Ұзақ мерзімдік займдар" бабы (95 шот), "Банктердің қысқа мерзімді кредиттер" бабы (90 шот), "Қызметкерлерге арналған банктердің кредиттері" бабы (93 шот), "Қысқа мерзімдік займдар" бабы (94 шот), "ҚҚС (НДС) ескермегендегі кредиторлармен ауыр, жұмыс түрі, және қызмет көрсетулер үшін есепайырысу" бабы, "Берілген вексельдер бойынша есеп айырысу" бабы (60 шот), "Еңбекке ақы төлеу жөніндегі есепайырысу" бабы (70 шот), "Әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру жөніндегі есепайырысу" бабы (69 шот), "Кредиторлармен мүлік және жеке сақтандыру бойынша есепайырысу" бабы (65 шот), "Еншілес кәсіпорындармен есепайырысу" бабы (78 шот), "Кредиторлармен бюджеттен тыс төлемдер бойынша есепайырысу" бабы (67 шот), "Бюджетпен есепайырысу" бабы (68 шот), "Өзге де кредиторлармен есепайырысу" бабы, 1995 жылғы баланс формасында

алынған "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден алынған аванстар" бабы (64 шот) "Құрылтайшылармен есеп айырысулар" бабы (75 шот), "Алдағы кезеңдердің кірістері" бабы (83 шот), "Тұтыну қорлары" бабы (88 шот), "Алдағы шығыстар мен төлемдер резерві" бабы (89 шот), "Өзге де қысқа мерзімді пассивтер" бабы 1995 жылғы баланс нысанында қолданылады.

ЕП-ға мақсатты бағыттағы шараларды жүзеге асыруға арналған қаражат ("Мақсатты қаржыландыру және түсімдер" (96 шот) балансы пассивінің 430 жолы) егер де қаржыландыру шартында қаражатты бір жылдан аспайтын уақытта қ а й т а р у к ө з д е л г е н .

ӘҚ - жарғы қорына енгізілмеген АҚ балансындағы әлеуметтік сала объектілерінің құны. Егер әлеуметтік сала объектілері жарғы қорына енгізілген жағдайда олардың құны АҚ активінің құнынан бөлек есептелмейді. Әлеуметтік сала объектілері есепке алу бағалануы кезіндегі қалған бағасы ескеріліп ж ү р г і з і л е д і .

ЕСКЕРТУ. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.07.22. N 920 қ а у л ы с ы м е н .

2. Бір акцияның құнын айқындау<*>

31. Акциялардың есеп айырысу құнын айқындау формуласы бойынша бір акцияның құнын айқындау үшін шығарылған акциялардың жалпы санына бөлу керек (бұл жағдайда барлық акциялар бір номиналды болуы тиіс).

Егер де акционерлік қоғам әртүрлі номиналды акциялар шығарған жағдайда:

а) акционерлік қоғамның акцияларының есептік санын айқындау керек, ол акциялардың шығарылған жалпы көлемінің шамасын акцияның ең төменгі номиналының бастапқы құны бойынша болудан жеке түрінде айқындалады;

б) акциялардың есепайырысу құнын (АЕК) а пунктіндегі алынған шамасына б ө л у к е р е к .

32. Есепайырысу нәтижесінде алынған бір акцияның құны, үтірден кейін екі белгіге дейін дөңгелектенеді (яғни тиынға дейін).

33. Егер де ұсынылған әдістеме бойынша көрсеткіш шама тіркелген акция номиналынан аз болған жағдайда, онда бастапқы баға ретінде мыналар алынады:

а) Кәсіпорындардың ұйымдар мен мекемелердің негізгі қорларына (құрал-жабдықтарын) индекстеу тәртібі туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 21 қазандағы N 1178 қаулысымен бекітілген Ережесіне сәйкес егер негізгі қорларды қайта есептеу нәтижесі жарғы қорына қосылған жағдайдағы алынған көлемі (акцияның номиналдық құнының 10% кем болмауы тиіс);

б) егер де қайта есептеу нәтижесі бойынша жарғы қорына қосылмаған жағдайдағы акцияның номиналдық құны.

3. Шаруашылық серіктестіктерінің жарғылық қорындағы мемлекет үлесінің құнын айқындау

34. Шаруашылық серіктестігінің жарғылық қорындағы мемлекет үлесінің құнын айқындау үшін осы Ереженің 26-тармағына сәйкес акциялардың есеп айырысу құнын (АЕҚ) айқындау формуласы бойынша алынған шаманы серіктестіктің жарғылық қорындағы мемлекет үлесінің проценттік шамасына көбейтіп, 100%-ке бөлу керек.<*>

ЕСКЕРТУ. Ереже 3-бөлікпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.10.31. N 1320 қаулысымен.